



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- изучить возможности применения учебного содержания, методов, форм и средств обучения химии как инструмента диагностики;
- провести экспериментальное исследование отдельных методов на развитие познавательной активности учащихся;

Способствует формированию ценностного отношения к предмету как к источнику профессиональных знаний, умений, навыков; активному усвоению и повышению качества знаний, закреплению практических навыков.

По нашему мнению, предлагаемые методы и задачи, являясь легкодоступными и имеющими прямое отношение к жизненным ситуациям, помогают студентам самим увидеть, услышать, применить на практике основные понятия, законы, теории химии при решении профессиональных задач.

Список использованных источников

1. Жакупбекова Г.О., //Активизация познавательной деятельности на уроках химии//Галдыкорган. – 2000.
2. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М.: ИНТОР, 1996.
3. Лисичкин Г.В., Минченков Е.Е., Сушко В.И., Шелинский Г.И. Концепции школьного химического образования // Химия в школе. — 1989. — № 6. — С. 8—28.
4. Ахметов М.А. Визуальные модели в формировании основных теоретических представлений. – 2009. – №9. – С. 33-35.

ӘОЖ 541.128.094

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Сыздықова Мәдина Мержақыпқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - М.Ж. Дүйсембиев, х.ғ.к., доцент

Мақалада қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда бейорганикалық химия курсына ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың дидактикалық құралдарды қолданудың тиімділігін арттырудың маңызы жайлы баяндалған. Бұл жұмыста ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы жасамандарын даярлауға мүмкіндігі жоғары екені айтылған [1]. Білім беруді ақпараттандыру мақсаты - оқыту жүйесін жаңаша сапаға құруға бағыттау. Білімді ақпараттандыру - оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық міндеттерін шешуге бағытталған заманауи ақпараттық технологияларды білім саласында қолданудың - діснамалық, практикалық қолданысын және оларды жүзеге асыруды оңтайлы жолдармен қамтамасыз ету үдерісі болыптабылады. Осыған орай ақпараттық кеңістікте өз бетінше білімін жетілдіру-ЖОО-ның басты міндеті. Қоғамды ақпараттандырудың басты міндеттерінің бірі - білім беру жүйесіне ақпараттандыру. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілгендей, «E-learning» - электронды оқытудың мақсаты - білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Білім беру салаларының қызметкерлерінің міндеті ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, химия курсына күнделікті сабақта: -мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды); - зертханалық тәжірибелер; -компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта); - анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры); -интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану аяқталғандай нәтиже беретіні жайлы айтылған. Мұндай

қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру саласының қызметкерлерінің шығармашылық ізденіс қабілетін дамытуға, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгеруге, мамандық шеберлігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді. жаңа техникалық құралдар; маман; ақпараттық – коммуникативтік технологиялар. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір оқытушының алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1]. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беружолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігі нарттырудың маңызы аса зор [2]. Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Егер жаңа ақпараттық технологияны химия курсында тиімді пайдаланса, студенттердің қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады. Еліміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуына байланысты қазіргі кезеңде білім ең басты мәселе болып отырғаны баршамызға аян. Қазіргі кезеңде білім беруде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – білім сапасын көтеруді мақсат тұтқан заман талабынан туған қажеттілік. Ақпараттық ағындардың молдығы, мазмұнының тез жаңарып, толығып отыру заманында аз уақытта көлемді ақпаратты меңгеріп, оны жинақтап, игерудің, сақтаудың, өңдеудің амал-тәсілдерін игеру қажеттігі туады. Білім беруді ақпараттандыру мақсатында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар дүние жүзілік білім кеңістігіне еруге байланысты оқыту жүйесін жаңаша құруға, білім сапасын арттыруға бағытталған. Қазір әрбір оқу орындарында, оқытушыдан студенттерге білім беріп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді қамтамасыз ету, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету талап етілуде. Жұмыс кезінде оқытушы мен студент тұрақты педагогикалық қатынаста болады, ал оқытушымен араласу, яғни пікір алысу кезеңдерін білім алушылардың өзі анықтайды. Осыған бағытталған ақпараттық-коммуникациялық білім беру студенттің өзіне қолайлы және тиімді білім алуға деген құштарлығын қанағаттандыру мүмкіндігін береді. Оқу материалдарын фактологиялық және қолданбалы бөліктерге бөлу, оқытудың модульдік, жекелеп үйрету және деңгейіне қарай оқыту қағидаларын қатар пайдалану, өзін-өзі және бірін-бірі оқыту элементтері, пәнді игеруді қамтамасыз етудің (электрондық оқулықтар фрагменттері, арнайы тесттер, компьютерлік есеп жинақтары, анықтамалықтар, демонстрациялық файлдар, т.б.) ажырамас бөлігі ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану – оқу және жетілдіру мақсаттарына тиімді түрде қол жеткізуге болатын білім жүйесін құруға мүмкіндік береді [3]. Мұндай тәсілдің артықшылығына мыналарды жатқызуға болады: а) Оқытудың жоғары нәтижелілігі; б) Әр түрлі білім мекемелері үшін осы жүйенің икемділігі мен бейімделгіштігі; в) Жүйенің жеңіл өзгертілуі мен толықтырылуы (файлдағы тапсырмалар жеңіл өзгертіледі, Web-оқулықтар оңай өзгертіледі); г) Қолданудың әмбебаптығы (өздігімен жұмыс істеуді, әрі оқу процесін де қамтитын тиімділігі). Интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар, сабақты зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс- тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін тандап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану- сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия курсына алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге

жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану студенттердің дүниетанымын кеңейтеді. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді. Химиялық элементтердің ашылуы жөнінде мына адресстерден [http://www. Alhimik.ru / hist / prior. Html](http://www.Alhimik.ru/hist/prior.html) және [http://www.ski.aha.ru / ALL / b2. Htm](http://www.ski.aha.ru/ALL/b2.Htm) Химиядан жасалатын зертханалықжұмыстарды да интернет арқылы оқытуға болады. Қазіргі кезде ең сапалы оқу құралы "1С: Репетитор. Химия" [http:// repititor. 1c. Ru/online/disp.asp? ;](http://repititor.1c.ru/online/disp.asp?) Мұнда бейне химиялықэксперименттерді көруге болады. Кей жағдайда реактивтердің жетіспеушілігінен, зертханалық заттардың өз деңгейінде болмауынан химиялық тәжірибелер жасалынбайды. Осы жағдайдабейне тәжірибелердің маңызы зор [4, 5]. Оқу үрдісінде тиімді пайдалануға арналған бағдарламалық техникалық құралдарды бағдарлы оқытудағы химия пәндері курстарына сәйкес келуі, көрнекілік дәрежесі жоғары болуы, пайдалану қарапайымдылығы, жалпы пәндік және эксперименттік біліктіліктердің қалыптасуына, игерілген білімді қорытындылай алуға және тереңдетуге және т.б. ықпал етуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.// ЕгемендіҚазақстан 2007 ж. 15 тамыз, № 254. – 256 б.
2. Қазақсан Республикасының 2010 жылдарға дейінгі стратегиялық даму жоспары. – Астана, 1997.
3. Қараев Ж.А. Оқытудың компьютерлік технологияның дидактикалық заңдылықтары.// Информатика, физика, математика. 1993. № 4. -3-7 б.
4. Өнербаева З.О., Солтанхан А. Химиядан тәжірибелік сабақтарды виртуальды ұйымдастыру«ЖОО-да жаратылыстану пәндерін оқытудың іргелі бағыттары» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конф.мат. 2013 ж. 235 – 240 б.
5. Өнербаева З.О. Компьютер арқылы интернет желісінен химиялық мағлұматтар мен ақпараттаралу мүмкіндіктері. «Экология, өлкетану және туризмнің географиялық проблемалары» атты халық-аралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. 12-13 мамыр, 2014 ж. 71-74 б.
6. Исаева Г. «Ақпараттық технологиялар және білім сапасы» //Қазақстан мектебі, №7, 2008. –Б 47-48.
7. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде».

ӘОЖ 541.128.094

ЖАЛПЫ ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ҮРДІСІНДЕ МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ

Сырғабаева Нургуль Өрікбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Дуйсембиев М.Ж., х.ғ.к., доцент

Модульдік оқыту технологиясы – болашақ маманның танымдық-интеллектуалдық әлемін дамытып қана қоймай, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан оқыту технологиялары жеке тұлғаның дамуына, оның рухани тұрғыда жетілуіне